

ХАТТАМА №4

Қамқоршылық кеңесінің отырысының хаттамасы

- **Өткізу күні:** 10. 07. 2025
- **Өткізу уақыты:** 10.00
- **Өткізу орны:** Мектеп
- **Қатысқандар:**
 - Мектеп директоры
 - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
 - Қамқоршылық кеңес мүшелері
 - Әлеуметтік педагог

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасының үлгісін бекіту.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Жумахнов Каирлы Калибекович мектеп формасына қойылатын талаптармен таныстырды. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы 26 бұйрығына сәйкес мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Бірыңғай, ұқыпты, ыңғайлы және оқушының жас ерекшелігіне сай болуы тиіс екені айтылды. Түсі қою көк түсті болып табылады деп ескертіп өтті.

- Ұлдар үшін: қою көк классикалық шалбар, ақ жейде, көк жилет (немесе пиджак);
- Қыздар үшін: қою көк сарафан немесе белдемше, ақ жейде, көк жилет (немесе пиджак);
- Спорттық форма: ақ футболка, қою көк немесе қара спорттық шалбар.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Саматова Толғанай Қайратқызы сөз алды біздің районда көп балалы, мүгедектігі бар, жалғыз басты ата аналар өте көп. Сондықтан форма басқа түсте н/е бірдей болатын болса, көп ата аналардың біріншіден жағдайы келмей наразылық білдіреді. Екіншіден тек бір түсте киім алса мысалға темно синий, бұрыннан солай келе жатыр деді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Райкулов Асхат Койшыгараевич енді өзгеріс қосамыз десек те тапсырыс беру қажет. Ол да бағасы біразға барады. Менің ойым әркімге қолжетімді қою көк форманы сақтау.

Шешім қабылданды:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасы үлгісі ретінде ұсынылған нұсқа **бекітілсін.**
2. Мектеп формасының түсі – қою көк түс, үлгісі – классикалық болып **қалсын.**
3. Ата-аналарға форма талаптарын жеткізу, сынып жетекшілеріне **жүктелсін.**
4. Ерекше жағдайларда әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар үшін әлеуметтік көмек көрсету мүмкіндігі **қарастырылсын.**

ДАУЫС БЕРГЕНДЕР:

Қолдағандар: _____

Нурмонов Абай Мекенбайұлы *Абай*
Саматова Жангошаи Қайратқазы *Абай*
Ақбергенова А. Е. *Абай*
Қашаева К. Ғ. *Абай*
Булкнасова Б. И. *Абай*
Қытайбаева С. О. *Абай*
Бутабаева А. Е. *Абай*

Қарсы болғандар: _____

Қалыс қалғандар: _____

Төраға: Даниял Булкнасов Б. И.
Хатшы: Даниял Бутабаев А. Е.